

2024-2026 жылдарға арналған Айыртау ауданының бюджетін бекіту туралы

Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау аудандық мәслихатының 2023 жылғы 25 желтоқсандағы № 8-11-1

Қазақстан Республикасының Бюджет кодексінің 9-бабы 2-тармағына, 75-бабына, Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6-бабы 1-тармағының 1) тармақшасына сәйкес Айыртау аудандық мәслихаты ШЕШТІ:

1. 2024-2026 жылдарға арналған Айыртау ауданының бюджетін осы шешімге тиісінше 1, 2 және 3 қосымшаларға сәйкес, оның ішінде 2024 жылға келесі көлемдерде бекітілсін:

- 1) кірістер – 9 663 918,9 мың теңге:
салықтық түсімдер – 1 826 351,9 мың теңге;
салықтық емес түсімдер – 71 426,0 мың теңге;
негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер – 15 500,0 мың теңге;
трансферттер түсімі – 7 750 641,0 мың теңге;
- 2) шығындар – 9 938 073,4 мың теңге;
- 3) таза бюджеттік кредиттеу – 19 868,0 мың теңге:
бюджеттік кредиттер – 132 912,0 мың теңге;
бюджеттік кредиттерді өтеу – 113 044,0 мың теңге;
- 4) қаржы активтерімен операциялар бойынша сальдо – 0 мың теңге:
қаржы активтерін сатып алу – 0 мың теңге;
мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер - 0 мың теңге;
- 5) бюджет тапшылығы (профициті) – -294 022,5 мың теңге;
- 6) бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану) – 294 022,5 мың теңге:
қарыздар түсімі – 293 049,0 мың теңге;
қарыздарды өтеу – 113 044,1 мың теңге;
бюджет қаражатының пайдаланылатын қалдықтары – 114 017,6 мың теңге.

Ескерту. 1-тармаққа өзгерістер енгізілді - Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданы мәслихатының 20.02.2024 № 8-12-1 шешімі (2024 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізіледі); жаңа редакцияда - Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданы мәслихатының 10.04.2024 № 8-14-1 (01.01.2024 бастап қолданысқа енгізіледі); 28.05.2024 № 8-16-1 (01.01.2024 бастап қолданысқа енгізіледі); 04.07.2024 № 8-17-1 (01.01.2024 бастап қолданысқа енгізіледі); 04.10.2024 № 8-20-1 (01.01.2024 бастап

қолданысқа енгізіледі); 20.11.2024 № 8-21-1 (01.01.2024 бастап қолданысқа енгізіледі) шешімдерімен.

2. 2024 жылға арналған аудандық бюджетінің кірістері Қазақстан Республикасының Бюджет кодексіне сәйкес келесі салықтық түсімдер есебінен қалыптасатыны белгіленсін:

1) аудандық маңызы бар қаланың, ауылдың, кенттің аумағында мемлекеттік кіріс органында тіркеу есебіне қою кезінде мәлімделген:

дара кәсіпкер, жеке нотариус, жеке сот орындаушысы, адвокат, кәсіпқой медиатор үшін – тұрған жері;

қалған жеке тұлғалар үшін – тұрғылықты жері орналасқан жеке тұлғалар дербес салық салуға жататын кірістер бойынша жеке табыс салығын қоспағанда, облыстық мәслихат белгілеген кірістерді бөлу нормативтері бойынша жеке табыс салығы;

2) бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органмен бірлесіп мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті орган бекітетін тізбе бойынша ірі кәсіпкерлік субъектілерінен түсетін түсімдерді және мұнай секторы ұйымдарынан түсетін түсімдерді қоспағанда, келіп түскен салықтық аударымдардың кемінде елу пайызы мөлшерінде облыстық мәслихат белгілеген кірістерді бөлу нормативтері бойынша корпоративтік табыс салығы;

3) облыстық мәслихат белгілеген кірістерді бөлу нормативтері бойынша әлеуметтік салық;

4) аудандық маңызы бар қаланың, ауылдың, кенттің, ауылдық округтің аумағындағы осы салықты салу объектілері бойынша жеке тұлғалардың мүлкіне салынатын салықты қоспағанда, жеке және заңды тұлғалардың, дара кәсіпкерлердің мүлкіне салынатын салық;

5) аудандық маңызы бар қаланың, ауылдың, кенттің аумағындағы жер учаскелеріне жеке және заңды тұлғалардан алынатын, елді мекендер жерлеріне салынатын жер салығын қоспағанда, жер салығы;

6) мыналардан:

тұрғылықты жері аудандық маңызы бар қаланың, ауылдың, кенттің аумағындағы жеке тұлғалардан;

өздерінің құрылтай құжаттарында көрсетілетін тұрған жері аудандық маңызы бар қаланың, ауылдың, кенттің аумағында орналасқан заңды тұлғалардан алынатын көлік құралдары салығын қоспағанда, көлік құралдары салығы;

7) мыналарға:

Қазақстан Республикасының аумағында өндірілген спирттің барлық түріне;

Қазақстан Республикасының аумағында өндірілген алкоголь өніміне;

Қазақстан Республикасының аумағында өндірілген құрамындағы этил спиртінің көлемі 0,5 пайыздан аспайтын сыраға;

Қазақстан Республикасының аумағында өндірілген темекі бұйымдарына;

Қазақстан Республикасының аумағында жасалған жеңіл автомобильдерге (мүгедектігі бар адамдар үшін арнайы арналған қолмен басқарылатын немесе қолмен басқаруға бейімделген автомобильдерден басқа);

бензинге (авиациялық бензинді қоспағанда), дизель отынына, газохолға, бензанола, нефрасқа, жеңіл көмірсутектер қоспаларына және экологиялық отынға акциздер;

8) аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент аумағындағы жер учаскелерін қоспағанда, жер учаскелерін пайдаланғаны үшін төлемақы;

9) қызметтің жекелеген түрлерімен айналысу құқығы үшін лицензиялық алым (жекелеген қызмет түрлерімен айналысуға арналған лицензияларды бергені үшін алым);

10) қызметтің жекелеген түрлерімен айналысуға лицензияларды пайдаланғаны үшін төлемақы;

11) коммерциялық ұйымдарды қоспағанда, заңды тұлғаларды, олардың филиалдары мен өкілдіктерін мемлекеттік (есептік) тіркегені, сондай-ақ оларды қайта тіркегені үшін алым;

12) көлік құралдарын мемлекеттік тіркегені, сондай-ақ оларды қайта тіркегені үшін алым;

13) жылжымалы мүлік кепілін және кемеңің ипотекасын мемлекеттік тіркегені, сондай-ақ әуе кемесін тіркеуден алып тастауға және әкетуге кері қайтарып алынбайтын өкілеттікті мемлекеттік тіркегені үшін алым;

14) сыртқы (көрнекі) жарнаманы облыстық маңызы бар қаладағы үй-жайлардың шегінен тыс ашық кеңістікте, облыстық маңызы бар қаланың аумағы арқылы өтетін жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарының бөлінген белдеуінде орналастырғаны үшін төлемақы;

15) республикалық бюджет есебіне жазылатын консулдық алымнан және мемлекеттік баждардан басқа, мемлекеттік баж.

3. Аудандық бюджеттің кірістері келесі салықтық емес түсімдер есебінен қалыптасатыны белгіленсін:

1) коммуналдық меншіктен түсетін кірістер:

аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімдігінің шешімі бойынша құрылған коммуналдық мемлекеттік кәсіпорындардың таза кірісі бөлігінің түсімдері;

ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) коммуналдық меншігіндегі акциялардың мемлекеттік пакеттеріне дивидендтер;

ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) коммуналдық меншігіндегі заңды тұлғаларға қатысу үлестеріне кірістер;

аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімдерінің басқаруындағы, ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) коммуналдық меншігінің мүлкін жалға беруден түсетін кірістерді қоспағанда, ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) коммуналдық меншігінің мүлкін жалға беруден түсетін кірістер;

аудандық (облыстық маңызы бар қала) бюджеттен берілген кредиттер бойынша сыйақылар;

ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) коммуналдық меншігінен түсетін басқа да кірістер;

2) аудандық (облыстық маңызы бар қала) бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелердің тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) өткізуінен түсетін түсімдер;

3) аудандық (облыстық маңызы бар қала) бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер ұйымдастыратын мемлекеттік сатып алуды өткізуден түсетін ақша түсімдері;

4) аудандық маңызы бар қалалардың, ауылдардың, кенттердің, ауылдық округтердің әкімдері салатын айыппұлдарды қоспағанда, аудандық (облыстық маңызы бар қала) бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер салатын айыппұлдар, өсімпұлдар, санкциялар, өндіріп алулар;

5) облыстық мәслихат белгілеген кірістерді бөлу нормативтері бойынша өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуына және оның инфрақұрылымын дамытуға жер қойнауын пайдаланушылардың аударымдары;

6) шетелдіктер үшін туристік жарналар;

7) аудандық (облыстық маңызы бар қала) бюджетке түсетін басқа да салықтық емес түсімдер.

4. Аудандық бюджеттің кірістері негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер есебінен қалыптасатыны белгіленсін:

1) аудандық (облыстық маңызы бар қала) бюджеттен қаржыландырылатын, мемлекеттік мекемелерге бекітіп берілген мемлекеттік мүлікті сатудан түсетін ақша;

2) ауыл шаруашылығы мақсатындағы немесе аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент аумағындағы жер учаскелерін сатудан түсетін түсімдерді қоспағанда, жер учаскелерін сатудан түсетін түсімдер;

3) аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент аумағындағы жер учаскелерін қоспағанда, жер учаскелерін жалға беру құқығын сатқаны үшін төлемақы.

5. Аудандық (облыстық маңызы бар қала) бюджеттен берілген кредиттерді өтеуден, ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) коммуналдық меншігіндегі мемлекеттің қаржы активтерін сатудан, ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жергілікті атқарушы органының қарыздарын өтеуден түсетін түсімдер аудандық (облыстық маңызы бар қала) бюджеттің есебіне жатқызылады.

6. Облыстық бюджеттен аудандық бюджетке 2024 жылға берілетін бюджеттік субвенциялар 1 389 953,0 мың теңге сомасында көзделсін.

7. 2024 жылға арналған аудандық бюджетте республикалық бюджеттен және Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан берілетін нысаналы трансферттері ескерілсін.

Көрсетілген нысаналы трансферттерді бөлу Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданы әкімдігінің "2024-2026 жылдарға арналған Айыртау ауданының бюджетін бекіту туралы" Айыртау аудандық мәслихатының шешімін іске асыру туралы" қаулысымен айқындалады.

8. 2024 жылға арналған аудандық бюджетінде мамандарды әлеуметтік қолдау шараларын іске асыруға республикалық бюджеттен бюджеттік кредиттер ескерілсін.

Бюджеттік кредиттердің сомаларын бөлу Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданы әкімдігінің "2024-2026 жылдарға арналған Айыртау ауданының бюджетін бекіту туралы" Айыртау аудандық мәслихатының шешімін іске асыру туралы" қаулысымен айқындалады.

9. 2024 жылға арналған аудандық бюджетте облыстық бюджеттен нысаналы трансферттер ескерілсін.

Көрсетілген нысаналы трансферттерді бөлу Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданы әкімдігінің "2024-2026 жылдарға арналған Айыртау ауданының бюджетін бекіту туралы" Айыртау аудандық мәслихатының шешімін іске асыру туралы" қаулысымен айқындалады.

10. 2024 жылға арналған аудандық бюджетте ауылдық округтердің бюджеттеріне берілетін бюджеттік субвенциялар 303 532,0 мың теңге сомасында белгіленсін, оның ішінде:

- Антоновка ауылдық округіне – 22 807,0 мың теңге;
- Арықбалық ауылдық округіне – 24 503,0 мың теңге;
- Володар ауылдық округіне – 14 497,0 мың теңге;
- Гусаковка ауылдық округіне – 21 276,0 мың теңге;
- Елецкий ауылдық округіне – 13 840,0 мың теңге;
- Имантау ауылдық округіне – 24 924,0 мың теңге;
- Казанка ауылдық округіне – 17 594,0 мың теңге;
- Қамсақты ауылдық округіне – 30 527,0 мың теңге;
- Қаратал ауылдық округіне – 22 320,0 мың теңге;
- Константиновка ауылдық округіне – 17 750,0 мың теңге;
- Лобанов ауылдық округіне – 24 074,0 мың теңге;
- Нижнебурлук ауылдық округіне – 17 327,0 мың теңге;
- Сырымбет ауылдық округіне – 24 291,0 мың теңге;
- Украин ауылдық округіне – 27 802,0 мың теңге.

11. 2024 жылға арналған аудандық бюджетте ауылдық округтердің бюджеттеріне берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер көзделсін.

Көрсетілген нысаналы трансферттерді бөлу Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданы әкімдігінің "2024-2026 жылдарға арналған Айыртау ауданының бюджетін бекіту туралы" Айыртау аудандық мәслихатының шешімін іске асыру туралы" қаулысымен айқындалады.

12. . 2024 жылға Айыртау аудандық жергілікті атқарушы органның резерві 24 265,0 мың теңге сомасында бекітілсін.

Ескерту. 12-тармақ жаңа редакцияда – Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау аудандық мәслихатының 04.10.2024 № 8-20-1 (01.01.2024 бастап қолданысқа енгізіледі) ; 20.11.2024 № 8-21-1 (01.01.2024 бастап қолданысқа енгізіледі) шешімдерімен.

12-1. Аудан бюджетінде 2024 жылдың 1 қаңтарына қалыптасқан бюджет қаражатының бос қалдықтары және 2023 жылы пайдаланылмаған (толық пайдаланылмаған) республикалық және облыстық бюджеттерден нысаналы трансферттер мен кредиттерді қайтару есебінен 4-қосымшаға сәйкес шығыстар қарастырылсын.

Ескерту. Ескерту. Шешім 12-1-тармақпен толықтырылды - Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданы мәслихатының 20.02.2024 № 8-12-1 шешімі (2024 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

12-2. 2024 жылға арналған аудандық жергілікті атқарушы органы алатын қарыздар есебінен берілетін нысаналы трансферттері ескерілсін.

Көрсетілген нысаналы трансферттерді бөлу Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданы әкімдігінің "2024-2026 жылдарға арналған Айыртау ауданының бюджетін бекіту туралы" Айыртау аудандық мәслихатының шешімін іске асыру туралы" қаулысымен айқындалады.

Ескерту. Шешім 12-2-тармақпен толықтырылды – Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданы мәслихатының 28.05.2024 № 8-16-1 (01.01.2024 бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

13. Осы шешім 2024 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізіледі.

Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау аудандық мәслихатының
төрағасы

Г. Әбілқайырова

Айыртау аудандық мәслихатының
2023 жылғы 25 желтоқсандағы № 8-11-
1 шешіміне
1 қосымша

2024 жылға арналған Айыртау ауданының бюджеті

Ескерту. 1-қосымша жаңа редакцияда - Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданы мәслихатының 20.02.2024 № 8-12-1 шешімі (2024 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізіледі); жаңа редакцияда - Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданы мәслихатының 10.04.2024 № 8-14-1 (01.01.2024 бастап қолданысқа енгізіледі); 28.05.2024 № 8-16-1 (01.01.2024 бастап қолданысқа енгізіледі); 04.07.2024 № 8-17-1 (01.01.2024 бастап қолданысқа енгізіледі); 04.10.2024 № 8-20-1 (01.01.2024 бастап қолданысқа енгізіледі); 20.11.2024 № 8-21-1 (01.01.2024 бастап қолданысқа енгізіледі) шешімдерімен.

Санаты		

	Сыныбы		Атауы	Сомма, мың теңге
		Кіші сыныбы		
1	2	3	4	5
			1) Кірістер	9 663 918,9
1			Салықтық түсімдер	1 826 351,9
	01		Табыс салығы	222 400,0
		1	Корпоративтік табыс салығы	180 000,0
		2	Жеке табыс салығы	42 400,0
	03		Әлеуметтік салық	985 248,2
		1	Әлеуметтік салық	985 248,2
	04		Меншікке салынатын салықтар	237 760,0
		1	Мүлікке салынатын салықтар	230 400,0
		3	Жер салығы	2 700,0
		4	Көлік құралдарына салынатын салық	4 660,0
	05		Тауарларға, жұмыстарға және көрсетілетін қызметтерге салынатын ішкі салықтар	355 943,7
		2	Акциздер	4 300,0
		3	Табиғи және басқа да ресурстарды пайдаланғаны үшін түсетін түсімдер	337 816,7
		4	Кәсіпкерлік және кәсіби қызметті жүргізгені үшін алынатын алымдар	13 827,0
	08		Заңдық маңызы бар әрекеттерді жасағаны және (немесе) оған уәкілеттігі бар мемлекеттік органдар немесе лауазымды адамдар құжаттар бергені үшін алынатын міндетті төлемдер	25 000,0
		1	Мемлекеттік баж	25 000,0
2			Салықтық емес түсімдер	71 426,0

	01		Мемлекеттік меншіктен түсетін кірістер	33 710,0
		5	Мемлекет меншігіндегі мүлікті жалға беруден түсетін кірістер	6 300,0
		7	Мемлекеттік бюджеттен берілген кредиттер бойынша сыйақылар	110,0
		9	Мемлекет меншігінен түсетін басқа да кірістер	27 300,0
	03		Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер ұйымдастыратын мемлекеттік сатып алуды өткізуден түсетін ақша түсімдері	9 600,0
		1	Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер ұйымдастыратын мемлекеттік сатып алуды өткізуден түсетін ақша түсімдері	9 600,0
	06		Басқа да салықтық емес түсімдер	28 116,0
		1	Басқа да салықтық емес түсімдер	28 116,0
3			Негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер	15 500,0
	01		Мемлекеттік мекемелерге бекітілген мемлекеттік мүлікті сату	12 500,0
		1	Мемлекеттік мекемелерге	12 500,0

			бекітілген мемлекеттік мүлікті сату	
	03		Жерді және материалдық емес активтерді сату	3 000,0
		1	Жерді сату	3 000,0
4			Трансферттердің түсімдері	7 750 641,0
	01		Төмен тұрған мемлекеттік басқару органдарынан трансферттер	5,4
		3	Аудандық маңызы бар қалалардың, ауылдардың, кенттердің, аулдық округтардың бюджеттерінен трансферттер	5,4
	02		Мемлекеттік басқарудың жоғары тұрған органдарынан түсетін трансферттер	7 750 635,6
		2	Облыстық бюджеттен түсетін трансферттер	7 750 635,6
Функционалдық топ				
	Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі		Атауы	Сома, мың теңге
		Бағдарлама		
1	2	3	4	5
			2) Шығындар	9 938 073,4
01			Жалпы сипаттағы мемлекеттік көрсетілетін қызметтер	1 526 207,8
	112		Аудан (облыстық маңызы бар қала) мәслихатының аппараты	50 356,0
		001	Аудан (облыстық маңызы бар қала) мәслихатының қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	47 844,0

		003	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	1 175,2
		005	Мәслихаттар депутаттары қызметінің тиімділігін арттыру	1 336,8
	122		Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің аппараты	300 507,4
		001	Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	270 490,3
		003	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	30 017,1
	459		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және қаржы бөлімі	255 491,1
		001	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономикалық саясаттын қалыптастыру мен дамыту, мемлекеттік жоспарлау, бюджеттік атқару және коммуналдық меншігін басқару саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	85 699,0
		003	Салық салу мақсатында мүлікті бағалауды жүргізу	2 358,4
		010	Жекешелендіру, коммуналдық меншікті басқару, жекешелендіруден кейінгі қызмет және осыған байланысты дауларды реттеу	114,7

		015	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	17 380,8
		113	Төменгі тұрған бюджеттерге берілетін нысаналы ағымдағы трансферттер	149 938,2
	482		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) кәсіпкерлік және туризм бөлімі	33 841,6
		001	Жергілікті деңгейде кәсіпкерлікті және туризмді дамыту саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	33 635,0
		003	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	206,6
	495		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) сәулет, құрылыс, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	886 011,7
		001	Жергілікті деңгейде сәулет, құрылыс, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	142 489,0
		003	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	3 331,7
		113	Төменгі тұрған бюджеттерге берілетін нысаналы	740 191,0

			ағымдағы трансферттер	
02			Қорғаныс	55 007,7
	122		Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің аппараты	55 007,7
		005	Жалпыға бірдей әскери міндетті атқару шеңберіндегі іс-шаралар	29 451,9
		006	Аудан (облыстық маңызы бар қала) ауқымындағы төтенше жағдайлардың алдын алу және оларды жою	13 543,9
		007	Аудандық (қалалық) ауқымдағы дала өрттерінің, сондай-ақ мемлекеттік өртке қарсы қызмет органдары құрылмаған елді мекендерде өрттердің алдын алу және оларды сөндіру жөніндегі іс-шаралар	12 011,9
03			Қоғамдық тәртіп, қауіпсіздік, құқықтық, сот, қылмыстық-атқару қызметі	4 715,6
	495		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) сәулет, құрылыс, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	4 715,6
		019	Елді мекендерде жол қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз ету	4 715,6
06			Әлеуметтік көмек және әлеуметтік қамсыздандыру	505 316,2

451			Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі	505 316,2
		001	Жергілікті деңгейде халық үшін әлеуметтік бағдарламаларды жұмыспен қамтуды қамтамасыз етуді іске асыру саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	68 095,9
		004	Ауылдық жерлерде тұратын денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамтамасыз ету, мәдениет, спорт және ветеринар мамандарына отын сатып алуға Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес әлеуметтік көмек көрсету	12 827,0
		005	Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек	
		006	Тұрғын үйге көмек көрсету	33,1
		007	Жергілікті өкілетті органдардың шешімі бойынша мұқтаж азаматтардың жекелеген топтарына әлеуметтік көмек	61 404,5
		010	Үйден тәрбиеленіп оқытылатын мүгедектігі бар балаларды материалдық қамтамасыз ету	876,0

		011	Жәрдемақыларды және басқа да әлеуметтік төлемдерді есептеу, төлеу мен жеткізу бойынша қызметтерге ақы төлеу	1 550,0
		014	Мұқтаж азаматтарға үйде әлеуметтік көмек көрсету	180 143,7
		017	Мүгедектігі бар адамды абилитациялаудың және оңалтудың жеке бағдарламасына сәйкес мұқтаж мүгедектігі бар адамдарды протездік-ортопедиялық көмекпен, сурдотехникалық және тифлотехникалық құралдармен, міндетті гигиеналық құралдармен, арнаулы жүріп-тұру құралдарымен қамтамасыз ету, сондай-ақ санаторий-курорттық емдеу жеке көмекшінің және ымдау тілі маманының қызметтерімен қамтамасыз ету	120 204,0
		021	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	2 038,6
		054	Үкіметтік емес ұйымдарда мемлекеттік әлеуметтік тапсырысты орналастыру	580,4
07			Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық	3 340 312,9

	495		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) сәулет, құрылыс, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	3 340 312,9
		007	Коммуналдық тұрғын үй қорының тұрғын үйін жобалау және (немесе) салу, реконструкциялау	12 571,6
		008	Мемлекеттік тұрғын үй қорын сақтауды ұйымдастыру	68 301,8
		011	Азаматтардың жекелеген санаттарын тұрғын үймен қамтамасыз ету	67 184,0
		013	Коммуналдық шаруашылықты дамыту	18 477,0
		016	Сумен жабдықтау және су бұру жүйесінің жұмыс істеуі	127 436,9
		026	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) коммуналдық меншігіндегі жылу желілерін пайдалануды ұйымдастыру	462 815,1
		058	Ауылдық елді мекендердегі сумен жабдықтау және су бұру жүйелерін дамыту	2 385 023,7
		098	Коммуналдық тұрғын үй қорының тұрғын үйлерін сатып алу	198 502,8
08			Мәдениет, спорт, туризм және ақпараттық кеңістік	695 654,5

	465		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) дене шынықтыру және спорт бөлімі	42 020,0
		001	Жергілікті деңгейде дене шынықтыру және спорт саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	21 978,0
		004	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	251,0
		006	Аудандық (облыстық маңызы бар қалалық) деңгейде спорттық жарыстар өткізу	8 430,0
		007	Өртүрлі спорт түрлері бойынша аудан (облыстық маңызы бар қала) құрама командаларының мүшелерін дайындау және олардың облыстық спорт жарыстарына қатысуы	11 361,0
	478		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) ішкі саясат, мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі	531 681,5
		001	Ақпаратты, мемлекеттілікті нығайту және азаматтардың әлеуметтік сенімділігін қалыптастыру саласында жергілікті деңгейде мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	47 101,0

		003	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	215,1
		004	Жастар саясаты саласында іс-шараларды іске асыру	17 058,2
		005	Мемлекеттік ақпараттық саясат жүргізу жөніндегі қызметтер	12 000,0
		007	Аудандық (қалалық) кітапханалардың жұмыс істеуі	120 047,0
		008	Мемлекеттік тілді және Қазақстан халықының басқа да тілдерін дамыту	588,6
		009	Мәдени-демалыс жұмысын қолдау	223 196,0
		032	Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың күрделі шығыстары	111 475,6
	495		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) сәулет, құрылыс, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	121 953,0
		021	Спорт объектілерін дамыту	121 253,0
		036	Мәдениет объектілерін дамыту	700,0
10			Ауыл, су, орман, балық шаруашылығы, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар, қоршаған ортаны және жануарлар дүниесін қорғау, жер қатынастары	145 418,1
			Ауданның (облыстық маңызы	

	459		бар қаланың) экономика және қаржы бөлімі	64 315,9
		099	Мамандарға әлеуметтік қолдау көрсету жөніндегі шараларды іске асыру	64 315,9
	477		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) ауыл шаруашылығы мен жер қатынастары бөлімі	81 102,2
		001	Жергілікті деңгейде ауыл шаруашылығы және жер қатынастары саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	68 557,1
		003	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	12 545,1
		009	Елді мекендерді жерге және шаруашылық жағынан орналастыру	0
11			Өнеркәсіп, сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі	40 409,7
	495		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) сәулет, құрылыс, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	40 409,7
		005	Аудан аумағының қала құрылысын дамытудың кешенді схемаларын және елді мекендердің бас жоспарларын әзірлеу	40 409,7

12			Көлік және коммуникация	2 820 685,8
	495		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) сәулет, құрылыс, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	2 820 685,8
		022	К ө л і к инфрақұрылымын дамыту	420 828,3
		023	Автомобиль жолдарының жұмыс істеуін қамтамасыз ету	124 727,4
		039	Әлеуметтік маңызы бар қалалық (ауылдық), қала маңындағы және ауданішілік қатынастар бойынша жолаушылар тасымалдарын субсидиялау	8 759,0
		045	Аудандық маңызы бар автомобиль жолдарын және елді-мекендердің көшелерін күрделі және орташа жөндеу	2 266 371,1
13			Басқалар	46 991,0
	459		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және қаржы бөлімі	24 265,0
		012	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жергілікті атқарушы органының резерві	24 265,0
	495		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) сәулет, құрылыс, тұрғын үй-коммуналдық	22 726,0

			шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	
		079	"Ауыл-Ел бесігі" жобасы шеңберінде ауылдық елді мекендердегі әлеуметтік және инженерлік инфрақұрылымдард ы дамыту	22 726,0
14			Борышқа қызмет көрсету	16 219,3
	459		Ауданның ((облыстық маңызы бар қаланың) экономика және қаржы бөлімі	16 219,3
		021	Жергілікті атқарушы органдардың облыстық бюджеттен қарыздар бойынша сыйақылар мен өзге де төлемдерді төлеу бойынша борышына қызмет көрсету	16 219,3
15			Трансферттер	741 134,8
	459		Ауданның ((облыстық маңызы бар қаланың) экономика және қаржы бөлімі	741 134,8
		006	Пайдаланылмаған ((толық пайдаланылмаған) нысаналы трансферттерді қайтару	1,8
		024	Заңнаманы өзгертуге байланысты жоғары тұрған бюджеттің шығындарын өтеуге төменгі тұрған бюджеттен ағымдағы нысаналы трансферттер	437 600,0
		038	Субвенциялар	303 532,0

		054	Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан берілетін нысаналы трансферт есебінен республикалық бюджеттен бөлінген пайдаланылмаған (түгел пайдаланылмаған) нысаналы трансферттердің сомасын қайтару	1,0
			3) Таза бюджеттік кредиттеу	19 868,0
			Бюджеттік кредиттер	132 912,0
10			Ауыл, су, орман, балық шаруашылығы, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар, қоршаған ортаны және жануарлар дүниесін қорғау, жер қатынастары	132 912,0
	459		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және қаржы бөлімі	132 912,0
		018	Мамандарды әлеуметтік қолдау шараларын іске асыру үшін бюджеттік кредиттер	132 912,0
Санаты				
	Сыныбы		Атауы	Сума, мың теңге
		Кіші сыныбы		
5			Бюджеттік кредиттерді өтеу	113 044,0
	01		Бюджеттік кредиттерді өтеу	113 044,0
		1	Мемлекеттік бюджеттен берілген бюджеттік кредиттерді өтеу	113 044,0
			4) Қаржы активтерімен	

			операциялар бойынша сальдо	0
Функционалдық топ			Атауы	Сома, мың теңге
	Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі			
		Бағдарлама		
			Қаржы активтерін сатып алу	0
13			Басқалар	0
Санаты			Атауы	Сома, мың теңге
	Сыныбы			
		Кіші сыныбы		
6			Мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер	0
	01		Мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер	0
		1	Қаржы активтерін ел ішінде сатудан түсетін түсімдер	0
			5) Бюджет тапшылығы (профициті)	(-294 022,5
			6) Бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану)	(294 022,5
7			Қарыздар түсімі	293 049,0
	01		Мемлекеттік ішкі қарыздар	293 049,0
		2	Қарыз алу келісім-шарттары	293 049,0
Функционалдық топ			Атауы	Сома, мың теңге
	Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі			
		Бағдарлама		
16			Қарыздарды өтеу	113 044,1
	459		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және қаржы бөлімі	113 044,1
		005	Жергілікті атқарушы органның жоғары тұрған бюджет алдындағы борышын өтеу	113 044,0

		022	Жергілікті бюджеттен бөлінген пайдаланылмаған бюджеттік кредиттерді қайтару	0,1
Санаты			Атауы	Сума, мың теңге
	Сыныбы			
		Кіші сыныбы		
8			Б ю д ж е т қаражатының пайдаланылатын қалдықтары	114 017,6
	01		Бюджет қаражаты қалдықтары	114 017,6
		1	Б ю д ж е т қаражатының бос қалдықтары	114 017,6

Айыртау аудандық мәслихатының
2023 жылғы 25 желтоқсандағы № 8-11-
1 шешіміне
2 қосымша

2025 жылға арналған Айыртау ауданының бюджеті

Санаты			Атауы	Сума, мың теңге
	Сыныбы			
		Кіші сыныбы		
1	2	3	4	5
			1) Кірістер	3 227 369,0
1			Салықтық түсімдер	1 915 475,0
	01		Табыс салығы	190 289,0
		1	Корпоративтік табыс салығы	190 289,0
	03		Әлеуметтік салық	1 076 410,0
		1	Әлеуметтік салық	1 076 410,0
	04		Меншікке салынатын салықтар	246 828,0
		1	Мүлікке салынатын салықтар	246 828,0
	05		Тауарларға, жұмыстарға және көрсетілетін қызметтерге салынатын ішкі салықтар	375 698,0
		2	Акциздер	4 515,0

		3	Табиғи және басқа да ресурстарды пайдаланғаны үшін түсетін түсімдер	350 078,0
		4	Кәсіпкерлік және кәсіби қызметті жүргізгені үшін алынатын алымдар	21 105,0
	08		Заңдық маңызы бар әрекеттерді жасағаны және (немесе) оған уәкілеттігі бар мемлекеттік органдар немесе лауазымды адамдар құжаттар бергені үшін алынатын міндетті төлемдер	26 250,0
		1	Мемлекеттік баж	26 250,0
2			Салықтық емес түсімдер	30 796,0
	01		Мемлекеттік меншіктен түсетін кірістер	6 734,0
		5	Мемлекет меншігіндегі мүлікті жалға беруден түсетін кірістер	6 615,0
		7	Мемлекеттік бюджеттен берілген кредиттер бойынша сыйақылар	119,0
	06		Басқа да салықтық емес түсімдер	24 062,0
		1	Басқа да салықтық емес түсімдер	24 062,0
3			Негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер	4 410,0
	01		Мемлекеттік мекемелерге бекітілген мемлекеттік мүлікті сату	1 260,0
		1	Мемлекеттік мекемелерге бекітілген	1 260,0

			мемлекеттік мүлікті сату	
	03		Жерді және материалдық емес активтерді сату	3 150,0
		1	Жерді сату	3 150,0
4			Трансферттердің түсімдері	1 276 688,0
	02		Мемлекеттік басқарудың жоғары тұрған органдарынан түсетін трансферттер	1 276 688,0
		2	Облыстық бюджеттен түсетін трансферттер	1 276 688,0
